

**Б.Ж. Смағамбет, А. Айқынбайқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан  
(e-mail: ya.bayan-2010@yandex.kz, almash88@yandex.ru)

## Орталық Азиядағы халық әл-ауқатының жақсаруы: салыстырмалы талдау

**Аңдатпа.** Мақалада Орталық Азия елдеріндегі халықтың әл-ауқатының деңгейін бағалаудың өзекті мәселесі қарастырылған. Халықтың әл-ауқатының деңгейін өлшеудің теориялық, әдістемелік және қолданбалы аспектілері талқыланады. Халық әл-ауқатын үш концепциялық әдіс аясында, яғни әлеуметтік-нарықтық, әлеуметтік-теңгерімді және әлеуметтік-либералды – тұжырымдап, жаппай игілікті мемлекетті қалыптастыру теориясының эволюциясы ұсынылады. Объективті, субъективті және аралас әдіснамалар сипатталып, макроэкономикалық индикаторлар (Дүниежүзілік банк, Халықаралық еңбек ұйымы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ТМД елдерінің мемлекетаралық статистикалық комитеті) мен тұлғаның өз материалдық жағдайын, әлеуметтік капиталын бағалауы негізіндегі көрсеткіштерге (Өлемдік құндылықтар зерттеуі, Еуразиялық барометр) негізделген мәліметтер сараланады, бақыт категориясы аясындағы талқылауға шолу жасалады. Осылайша, қарастырылып отырған елдердегі әлеуметтік-экономикалық саладағы саясаттың концептуалдық іргетасы зерделенеді. Мақалада мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі үлгілері талданады; статистикалық деректер негізінде Орталық Азия елдерінің өмір сүру деңгейі мен сапасының негізгі факторларына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда және Түркіменстанда халық әл-ауқатын сипаттау мақсатымен халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім, кедейлік деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, халықтың орташа айлық атаулы еңбекақысы, үй шаруашылығының ақшалай шығыстарының құрылымы, білім беру және денсаулық сақтау салаларының деңгейі, әлеуметтік қорғау деңгейі, индивидтің өз әл-ауқатын бағалауы сияқты критерийлер мен көрсеткіштер анықталған. Зерттеу нәтижелері макроэкономикалық көрсеткіштер мен халықтың өз әлеуметтік-экономикалық жағдайын субъективті бағалауындағы айырмашылықтарды көрсетеді. Талдамалық жұмыс жасау барысында мәліметтердің толық және қолжетімді болмауы егжей-тегжейлі салыстырмалы талдауды қиындатты.

**Түйін сөздер:** халықтың әл-ауқаты, өмір сүру деңгейі, теңсіздік, индекс, рангілеу, Орталық Азия.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-143-2-434-442>

### Кіріспе

Мемлекеттік құрылымдар қалыптаса және мемлекеттік институттардың жеке меншік институттарымен бірлесіп жалпы шаруашылық қызметке қатыса бастағаннан бастап, әл-ауқат ұғымы адамдардың бірлескен өмір сүру құбылысы ретінде қарастырыла бастады. Осылай, әлеуметтік саланы дамыту мен халықтың әл-ауқатын жақсарту «жаппай игілікті мемлекет» пен әлеуметтік әділеттілікке ұмтылатын елдер әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағытына айналды.

Халықтың әл-ауқат теориясының эволюциясын үш концепциялық әдіс аясында тұжырымдауға болады: әлеуметтік-нарықтық, әлеуметтік-теңгерімді және әлеуметтік-либералды.

Әлеуметтік-теңестіру әдісінің ұраны – «аса байлық пен аса кедейлікке жол бермей, қоғамдық игіліктерді тең бөлу». А. Сен-Симон, Ш. Фурье және Р.Оуэн мінсіз қоғам құру идеяларын алғашқы тұжырымдаған ғалымдар. Олар адамдардың әл-ауқатындағы теңсіздіктің негізгі себебін ұжым мен жеке тұлғаның мүдделері арасындағы қайшылықтан көрді. Олардың идеяларын мұра еткен «ғылыми социализм» теориясы қоғамдағы адамдар арасындағы мүліктік теңсіздіктің басты себебі ретінде өндірістің әлеуметтік сипаты мен қоғамдық еңбек қызметінің нәтижелерін иеленудің жеке нысаны арасындағы қайшылықтың болуын қарастырды. Осындай «әлеуметтік теңдік» идеяларын ең дәйекті және дәлелді қолдағандар – К. Маркс, Ф. Энгельс, В. Ленин сияқты социализм теоретиктері.

Әл-ауқат теориясын дамытудың үшінші бағыты «жеке меншіктің қасиетті құқығы» қағидатына және қоғамдық тауарларды адамдар арасында біркелкі бөлу мүмкіндігіне негізделген. Жеке әл-ауқат теориясының ғылыми жүйеленген идеялары алғаш ұсынғандар – А. Смит пен Д. Рикардо. А. Смиттің пікірінше, жеке әл-ауқаттың негізгі үш компоненті бар: еңбек мөлшері, еңбек бөлінісі, тұтынудың үнемділігі. Д. Рикардоның жеке әл-ауқаттың өсу жағдайлары туралы көзқарастары Т. Мальтустың «халық тұжырымдамасына» жақын, яғни еңбек көлемі мен тұтыну көлемі адамдар әл-ауқатының кері динамикасын көрсетеді – олардың шамадан тыс өсуі жеке табыс пен тұтыну деңгейіне теріс ықпал етеді. Саяси экономика классиктерінің бұл ұстанымын кейіннен «маржинализм мектебі» дамытты.

Қоғамдағы әл-ауқаттың «жаңа» тұжырымдамасының басталуы В.Парето [1] есімімен байланысты. Ол шын мәнінде либералды бәсекеге қабілетті экономика жағдайында жалпы әл-ауқаттың алғашқы теоремасын тұжырымдады: егер мәміленің барлық жеке қатысушылары өздерінің табысын барынша арттыра алса, нәтижесінде ресурстардың (байлықтың) әлеуметтік тиімді бөлінуіне қол жеткізіледі, яғни адамдардың жалпы әл-ауқатын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы әл-ауқаттың екінші теоремасы тек либералды бәсекеге қабілетті нарықтық экономикада жалпы әл-ауқатқа қол жеткізудің аллокативті (нарықтық баға) және дистрибутивтік (нарықтық көлем) тиімділігі арасындағы айырмашылықты анықтайды. Қалай болғанда да, бұл – қазіргі заманғы әлеуметтік-нарықтық жалпы әл-ауқат тұжырымдамасының дамуын бастаған шекті пайдалылық мектебінің экономистерінің жұмысы. Осы идея А. Пигудың [2] «сыртқы ықпал», Ж. Кейнстің [3] «тиімді сұраныс», Г. Мюрдалдың [4] «аралас экономика», Ж. Гельбрейттің [5] «мемлекеттік инжиниринг» тұжырымдарының іргетасына және «жаппай игілікті мемлекет үлгісіне» айналды.

Жаппай игілікті мемлекет үлгісінің артықшылықтары да (әлеуметтік қорғау, әлеуметтік әділеттілік), кемшіліктері де (бюджет тапшылығы, шығындардың тиімсіздігі) бар. Дегенмен, әлемнің барлық дамыған экономикаларының тәжірибесі көрсеткендей, жаппай игілікті мемлекет немесе «welfare» экономикасы – әрқашан экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілік арасында келісімге келу жолы, мұнда әрбір жеке жағдайда адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының әл-ауқатына қол жеткізуді ескере отырып, жеке және қоғамдық мүдделер арасында белгілі бір келісім жасалады.

## Әдіснама

Әл-ауқат – халықтың тек табысын ғана емес, сондай-ақ жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру мен денсаулық сақтау деңгейін, демографиялық жағдайды сипаттайтын кешенді шама.

«Жаппай игілікті мемлекет» тұжырымдамасы аясында елдегі қол жеткізілген әл-ауқат деңгейін бағалаудың үш әдіснамасы бар: объективті, субъективті, аралас.

Объективті әдіснама халықтың әл-ауқат деңгейін барынша толық және жан-жақты көрсету үшін кешенді көрсеткіштер жүйесінің немесе әлеуметтік-экономикалық индикаторлардың болуын болжайды.

Әдіснама принциптері:

- белгіленген және барлығына белгілі нормативтер (нормативтік өлшем) негізінде халықтың әл-ауқат деңгейін бағалаудың объективтілігі;
- белгілі бір уақыт кезеңінен кейін халықтың әл-ауқат көрсеткіштерін салыстыру мүмкіндігі (уақыт критерийі);
- мемлекеттер мен аймақтар арасындағы халықтың әл-ауқат көрсеткіштерін салыстыру мүмкіндігі (географиялық критерийі).

Объективті әдіснамаға негізделген бағалауда әл-ауқат деңгейін адамдардың өздері емес, қажетті біліктілігі мен сенімді ақпараты бар объективті критерийлерге негізделген үшінші тарап сарапшылары бағалайды. Нәтижесінде, ұсынылған әл-ауқат деңгейі әл-ауқаты бағаланып жатқан адамдардың пікірімен сәйкес болмауы мүмкін.

Субъективті әдіснама негізіндегі зерттеу нәтижелері адамдардың өздерінің мәдени және тұрмыстық ерекшеліктеріне, қоғамдық құндылықтар жүйесіне және қазіргі уақытта елде бар өмір стандарттарына байланысты өмірлік деңгейлерін қабылдауын бағалауды ұсынады. Әдіснама аясындағы индекстер сауалнама нәтижелеріне сүйенеді. Алайда, алынған өзін-өзі бағалауды әл-ауқатты бағалаудың сапалы деңгейінде талдау қиын.

Аралас әдіснама объективті және субъективті әдіснамалардың жетістіктерін ескере отырып, әл-ауқат көрсеткіштерінің кең спектрін қолданады. Әдіснама аясындағы белгілі индекстер – ЭБДҰ әзірлеген Better Life Index (BLI) және Легатум институтының The Legatum Prosperity Index.


### Талқылау және нәтижелер

Халықтың әл-ауқатын жақсарту – кез-келген мемлекеттің халық өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік саясаты. Әлеуметтік саясат кедейлікті азайту, білім беру мен денсаулық сақтау деңгейін арттыру, әлеуметтік қорғауды жақсарту сияқты мақсаттарға қол жеткізуді көздейтін іс-шаралар жиынтығы. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері түбегейлі экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге ұшыраған Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан) үшін де халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік саясат – мемлекеттегі басым салалардың бірі.

Мақалада Орталық Азия елдерінде халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін іске асырылған кейбір әлеуметтік стратегияларды қарастырамыз. Осы елдерде халқының әл-ауқатын жақсартуда әлеуметтік саясатқа салыстырмалы талдау жүргізу үшін салыстыру жүргізілетін өлшемдер мен көрсеткіштерді айқындау қажет. Критерийлер мен көрсеткіштерді анықтағаннан кейін әр ел үшін қол жетімді деректерді қолдана отырып, салыстырмалы талдау жүргізуге болады. Бұл жағдайда әр елдің экономикалық, саяси және мәдени контекстінің ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Әдетте, елдің объективті әл-ауқат көрсеткіштеріне жан басына шаққандағы ЖІӨ, жұмыссыздық, кедейлік, білім беру мен денсаулық сақтау деңгейі және т.с.с. макроэкономикалық индикаторларды жатқызамыз. Қарастырылып отырған елдердегі жағдайды сипаттау мақсатында макроэкономикалық индикаторлардың кейбіріне тоқталайық.


1-сурет 2010-2021 жылдар аралығындағы жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚШ \$) динамикасын көрсетеді. Қарастырылып отырған кезеңде Қырғыз Республикасы, Тәжікстан мен Түркменстан көрсеткіштері біркелкі. Қазақстан (2014-2016 ж.) Түркменстан (2015 ж.) ЖІӨ күрт төмендеуі – мұнай-газ бағасының құлдырауымен байланысты орын алған экономикалық дағдарыс нәтижесі. Ең жоғары ЖІӨ Қазақстанда (2013 ж – жан басына шаққанда 13609 АҚШ \$) және Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Тәжікстан мен Түркменстанның сол уақыттағы көрсеткіштерінен бірнеше есе көп.



Сурет 1. 2010-2021 жылдар аралығындағы Орталық Азия елдеріндегі жан басына шаққандағы ЖІӨ динамикасы

Дереккөз: World Bank Indicators

Жұмыссыздық деңгейі елдің өз азаматтары үшін жұмыс орындарын құруда қаншалықты табысты жұмыс істеп жатқанын көрсетуі мүмкін. Көрсеткішті бағалау үшін жұмыссыздардың үлесі, құрылған жұмыс орындарының саны, жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы туралы деректерді пайдалануға болады. Осы көрсеткіштер бойынша деректерді алу үшін Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) дерекқоры немесе Дүниежүзілік банктің дерекқоры сияқты статистикалық деректер қорына жүгінуге болады (2-сурет).



Сурет 2. 2010-2022 жылдар аралығындағы Орталық Азия елдеріндегі жұмыссыздық динамикасы

Дереккөз: World Bank Indicators

Халықтың кедейлік деңгейі елдегі әлеуметтік бағдарламалар кедейлікпен қаншалықты сәтті күресіп жатқанын көрсетеді. Көрсеткішті бағалау үшін кедейлік шегінде тұратын халықтың үлесі, сондай-ақ ең төменгі жалақы мен әлеуметтік жәрдемақы мөлшері туралы деректерді пайдалануға болады (1-кесте).

Кесте 1

**Жан басына шаққандағы орташа ақшалай кірістері (шығыстары) ең төменгі күнкөріс деңгейінен (кедейлік шегінен) төмен халықтың үлесі, %**

Мемлекет	2001	2010	2015	2020
Қазақстан	46.7	6.5	2.7	5.3
Қырғыз Республикасы	56.4	33.7	32.1	25.3
Өзбекстан	27.5 (2000 ж.)	17.7	12.8	11.5

Қазақстанда кедейлікті азайту және әлеуметтік әл-ауқатты жақсарту үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсалды. Дүниежүзілік банктің есебіне сәйкес, Қазақстан кедейлік деңгейін едәуір қысқартты және денсаулық сақтау және білім беру сияқты әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті жақсартты. Елде материалдық көмек, тұрғын үй және әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламаларын қамтитын әлеуметтік қорғау жүйесі құрылды. Қазақстан сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытуды жалғастыруда, бұл жаңа жұмыс орындарын құруға және экономикалық әл-ауқатты жақсартуға ықпал етеді.


Қырғызстанда әлеуметтік саясат кедейлер мен халықтың осал топтарына бағытталған. Әлеуметтік төлемдер, тегін медициналық көмек және білім беру сияқты көмек бағдарламалары халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында жасалған. Алайда, елде әлі де кедейлік деңгейі жоғары, әсіресе ауылдық жерлерде. Сонымен қатар, ел өңірлерінде әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі біркелкі емес.

Өзбекстан кедейлікті азайтуға және әлеуметтік әл-ауқатты жақсартуға айтарлықтай күш салуда. Елде материалдық көмек, тегін медициналық көмек және білім беру бағдарламалары енгізілді. Өзбекстан сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын құруға және экономикалық әл-ауқатты жақсартуға ықпал ететін шағын және орта бизнесті белсенді дамытуда. Алайда, елде қала мен ауыл арасында әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігінде әлі де теңсіздік бар.

Тәжікстанда әлеуметтік саясат кедейлер мен халықтың осал топтарына да бағытталған. Елде материалдық көмек, тегін медициналық көмек және білім беру бағдарламалары енгізілді. Алайда, елде әлі де кедейлік деңгейі жоғары, әсіресе ауылдық жерлерде. Сонымен қатар, ел өңірлерінде әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі біркелкі емес.

Түрікменстанда әлеуметтік саясат халықтың кедей және осал топтарына бағытталған. Елде материалдық көмек, тегін медициналық көмек және білім беру бағдарламалары енгізілді. Алайда, ел өңірлерінде әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі біркелкі емес, ал Үкімет өзінің әлеуметтік бағдарламалары туралы жеткілікті ақпарат жарияламайды.

Халық табысы мен шығындарының құрылымы 3-суретте және 2-кестеде ұсынылған.



Сурет 3. Халықтың орташа айлық атаулы еңбекақысы, АҚШ \$, 2020 жыл

**Кесте 2**

**2020 жылғы халықтың ақшалай шығыстарының құрылымы, пайызбен ақшалай шығысқа**

Мемлекет	Азық-түлік	Тұрмыстық-коммуналдық қызмет және отын	Байланыс	Білім	Денсаулық	Мәдениет және демалыс
Қазақстан	54,2	7,9	4,2	0,9	3,5	1,5
Қырғыз Республикасы	51,2	12,8	4,3	1,3	3,2	0,0
Өзбекстан	45,9	10,9**	-	-	-	-
Тәжікстан	61,8	20,4***	-	-	-	-
Түркменстан	-	-	-	-	-	-

**Халықтың білім деңгейі** білім берудің қолжетімділігін және оның әртүрлі елдердегі сапасын көрсеті. Көрсеткішті бағалау үшін жоғары білімі бар халықтың үлесі, білімнің қолжетімділігі және оның сапасы туралы деректерді пайдалануға болады.

Орталық Азия елдеріндегі тағы бір маңызды әлеуметтік саясат – білім беру саласы. Үкімет білім беру сапасын арттыру және оған халықтың қолжетімділігін кеңейту мақсатында білім беруге қомақты инвестицияларды жүзеге асырды. ЮНЕСКО-ның мәліметінше, Қазақстанда сауаттылық деңгейі айтарлықтай өсті және студенттердің көбі жоғары білімге қол жеткізе алады. Үкімет жаңа мектептер мен университеттер салуға, мұғалімдер даярлауға және жаңа оқу бағдарламаларын енгізуге қаражат салды. Қазақстанда білім беру сапасын арттыруға және барлық азаматтар үшін білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын енгізу сияқты сапалы білім беруді ілгерілетуге бағытталған саясат іске асырылуда. Өзбекстанда кадрларды даярлаудың ұлттық бағдарламасы сияқты сапалы білім беруді ілгерілетуге бағытталған саясат та іске асырылуда. Сондай-ақ, Қырғызстанда 2018-2040 жылдарға арналған білім беруді дамытудың ұлттық стратегиясы сияқты сапалы білім беруді ілгерілетуге бағытталған саясат жүзеге асырылуда (3-кесте).

**Кесте 3**

**Дүниежүзілік Банктің 2020 жылғы есептерінен алынған мәліметтер негізінде құрастырылды**

Мемлекет	Жоғары білімі бар халық саны	Білімге қолжетімділік	Білім сапасы
Қазақстан	4,7%	Жоғары	Жоғары
Қырғызстан	2,5%	Орта	Орташа
Өзбекстан	1,2%	Төмен	Орташа
Тәжікстан	1,4%	Төмен	Төмен
Түркменстан	3,1%	Төмен	Төмен

**Халықтың денсаулық деңгейі** елдегі медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын көрсетуі мүмкін. Көрсеткішті бағалау үшін медициналық көмектің қолжетімділігі, мың адамға шаққандағы дәрігерлер саны, халық денсаулығының көрсеткіштері туралы деректерді пайдалануға болады.

Қазақстанда іске асырылып жатқан аса маңызды әлеуметтік саясаттың бірі Денсаулық сақтау секторында іске асырылуда. Ел халыққа медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында Денсаулық сақтау жүйесіне қомақты инвестицияларды

жүзеге асырды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі соңғы онжылдықта айтарлықтай жақсарды. Үкімет жаңа ауруханалар мен емханалар салуға, медицина қызметкерлерін даярлауға және жаңа технологиялар мен емдеу әдістерін енгізуге қаражат салды. Нәтижесінде Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесі айтарлықтай жақсарды, өмір сүру ұзақтығы артты және өлім-жітім көрсеткіштері төмендеді (4-кесте).

#### Кесте 4

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері негізінде құрастырылды

Мемлекет	Медициналық көмекке қолжетімділік	1000 адамға шаққандағы дәрігер саны	Өмір сүру ұзақтығының орташа деңгейі	Өлім деңгейі
Қазақстан	3,1	3,1	73,2	8,4
Қырғызстан	2,6	1,7	70,3	8,8
Өзбекстан	2,4	1,2	71,4	7,7
Тәжікстан	1,7	1,2	68,5	7,4
Түркіменстан	2,6	2,5	67,9	8.2

**Әлеуметтік қорғау деңгейі** – зейнетақы, жәрдемақы және басқа да әлеуметтік көмек түрлері сияқты әлеуметтік қорғау бағдарламаларының болуы мен тиімділігін бағалай алады.

Үкімет сонымен қатар кедейлікті азайтуға және әлеуметтік әл-ауқатты арттыруға бағытталған әлеуметтік саясат жүргізеді. Дүниежүзілік банктің мәліметінше, соңғы онжылдықта Қазақстан кедейлікті қысқартуда айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Үкімет халықтың осал топтары үшін ақша аударымдары және азық-түлік субсидиялары сияқты әлеуметтік көмек бағдарламаларын енгізді. Бұдан басқа, үкімет халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту мақсатында тұрғын үй жағдайлары мен инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған саясат жүргізеді.

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер мен критерийлер бойынша деректерді пайдалана отырып, Орталық Азия елдері халқының әл-ауқатын жақсартудағы әлеуметтік саясатқа салыстырмалы талдау жүргізуге болады. Алайда, әр елдің әлеуметтік саясаттың тиімділігін бағалауға әсер етуі мүмкін экономикалық жағдайы, саяси жағдайлары және мәдени ерекшеліктері сияқты ерекшеліктерін ескеру қажет.

Қазақстандағы, Қырғызстандағы, Өзбекстандағы, Тәжікстандағы және Түркіменстандағы әлеуметтік саясат бұл елдердің барлығында кедейшілік пен әлеуметтік әл-ауқаттың төмен деңгейі проблемасы тұрғанын көрсетеді. Дегенмен, бұл елдердің әрқайсысының әлеуметтік саясатының өзіндік күшті және әлсіз тұстары бар.

#### Қорытынды

Қорытындылай келе, әлеуметтік саясат кез келген үкіметтің күн тәртібінің маңызды аспектісі болып табылады және Қазақстан халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру үшін әлеуметтік саясатқа елеулі инвестицияларды жүзеге асырды. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және шағын және орта бизнес жүйесін дамыту – бұл осы мақсатқа жету үшін Қазақстанда іске асырылған әлеуметтік саясат шараларының бірнешеуі ғана. Қазақстанның әлеуметтік саясаты халықтың өмір сүру деңгейін едәуір арттыруға септігін тигізді.

**Қаржыландыру.** Зерттеуді «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» мемлекеттік мекемесі (грант № АП14869561) қаржыландырды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Pareto V. On the economic phenomenon // International Economic Papers. – 1953. – Vol. 3. – P. 188-194.
2. Pigou A. The Economics of Welfare. – London: Macmillan and Co., 1932. – 183 p.
3. Keynes J. The General Theory of Employment, Interest, and Money. – Palgrave Macmillan Cham, 2018. – 404 p.
4. Myrdal G. Beyond the welfare state; economic planning and its international implications. – New Haven, Yale University Press, 1960. – 316 p.
5. Galbraith J. The Affluent Society. – Harmondsworth: Penguin Books, 1962. – 302 p.

**Б.Ж. Смагамбет, А. Айкынбайқызы**

*Евразийский национальный университет им.Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Улучшение благосостояния населения в Центральной Азии: сравнительный анализ**

**Аннотация.** В статье рассмотрен актуальный вопрос оценки уровня благосостояния населения в странах Центральной Азии. Обсуждаются теоретические, методические и прикладные аспекты измерения уровня благосостояния населения. Предлагается эволюция теории формирования государства массового блага в рамках трех концептуальных методов: социально-рыночного, социально-сбалансированного и социально-либерального. Описываются объективные, субъективные и смешанные методологии, анализируются данные, основанные на макроэкономических индикаторах (Всемирный банк, Международная организация труда, Всемирная организация здравоохранения, Межгосударственный статистический комитет стран СНГ) и показателях на основе оценки лицом своего материального положения, социального капитала (Исследование мировых ценностей, Евразийский барометр), дается обзор обсуждения в рамках категории счастья. Таким образом, изучается концептуальный фундамент политики в социально-экономической сфере в рассматриваемых странах. В статье анализируются основные модели оценки эффективности деятельности государственных органов; на основе статистических данных проводится сравнительный анализ основных факторов уровня и качества жизни стран Центральной Азии. С целью описания благосостояния населения в Казахстане, Кыргызстане, Узбекистане, Таджикистане и Туркменистане определены такие критерии и показатели, как валовой внутренний продукт на душу населения, уровень бедности, уровень безработицы, среднемесячная номинальная заработная плата населения, структура денежных расходов домохозяйств, уровень образования и здравоохранения, уровень социальной защиты, оценка индивидом собственного благосостояния. Результаты исследования показывают различия в макроэкономических показателях и субъективной оценке населением своего социально-экономического положения. Неполнота и недоступность данных в ходе аналитической работы затруднили детальный сравнительный анализ.

**Ключевые слова:** благосостояние населения, уровень и качество жизни, неравенство, индекс, рейтинг, Центральная Азия.

**B.Zh. Smagambet, A. Aikynbaikyzy**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Improving the well-being of the population in Central Asia: a comparative analysis**

**Abstract.** The article deals with the topical issue of assessing the level of well-being of the population in the countries of Central Asia. Theoretical, methodological and applied aspects of measuring the level of well-being of the population are discussed. The evolution of the theory of the formation of the state of mass welfare is proposed within the framework of three conceptual methods: socio-market, socially balanced and socially liberal. Objective, subjective and mixed methodologies are described, data based



on macroeconomic indicators (the World Bank, the International Labor Organization, the World Health Organization, the Interstate Statistical Committee of the CIS countries) and indicators based on a person's assessment of their financial situation, social capital (the Study of World Values, the Eurasian Barometer) are analyzed, an overview of the discussion within the category is given happiness. Thus, the conceptual foundation of socio-economic policy in the countries under consideration is being studied. The article analyzes the main models for evaluating the effectiveness of government agencies; on the basis of statistical data, a comparative analysis of the main factors of the level and quality of life of Central Asian countries is carried out. In order to describe the well-being of the population in Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Tajikistan and Turkmenistan, criteria and indicators such as gross domestic product per capita, poverty level, unemployment rate, average monthly nominal wages of the population, the structure of household monetary expenditures, the level of education and health, the level of social protection, an individual's assessment of their own well-being are defined. The results of the study show differences in macroeconomic indicators and the subjective assessment of the population of their socio-economic situation. The incompleteness and unavailability of data in the course of analytical work made a detailed comparative analysis difficult.

**Keywords:** welfare of the population, level and quality of life, inequality, index, ranking, Central Asia.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Смагамбет Б.Ж.* – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, Әлеуметтану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Айқынбайқызы А.* – әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Smagambet B.Zh.* – Candidate of Sociological Sciences, Associate Professor, Professor of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Aikynbaikyzy A.* – Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.